

№34 орта мектебі бойынша  
Педагогикалық кеңес пен қамқоршылық кеңес мүшелерінің біріктіріле өткізілген отырысының  
№4 хаттамасы

2020 жылдың 20 желтоқсанында да Ақтөбе қаласындағы №34 орта мектебінде қамқоршылық кеңес мүшелерінің отырысы болып өтті

Қатысуға тиісті 11  
Қатысканы 10  
Қатыспағаны 1

Мектеп директоры Айзакова А.Ж  
Әлеуметтік педагог Г.К.Азаматова

**Күн тәртібінде:**

1. Мектеп директорының 2020жылы бойынша атқарылған жұмысы туралы есебі
2. Кәмелетке толмағандар арасындағы құқықбұзушылық пен қылмыстың алдын алу шаралары

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша мектеп директоры Айзакова А.Ж алды: 2020 жылы мектептің ақылы қосымша пәндерден түскен төлемақыны сіздердің шешімдеріңізбен берілген рұхсат бойынша, үшінші қабатқа күрделі жөндеу жұмыстарын толық жүргіздік. Үшінші қабатқа жүргізілген жөндеу жұмысының шаршы метрі- 576м. Үшінші қабатты қырып және бірнеше слакпен тегістеп сылап, ағарту жұмыстарын жүргізген мамандарға шаршы метрге құны 800тг төленді. Бұдан бөлек мектептің жан басына шаққандағы қаржысымен спорт зал ағымдағы жөндеу жұмысынан өткізілді. Сонымен қатар Қашықтықтан оқыту форматында басталынған биылғы оқу жылының басында да әлеуметтік қолдау көрсететін оқушылар тізімі анықталды. Оқушылардың қашықтықтан білім алуына жағдай туғызу мақсатында, оқушыларды ақпараттық ресурстар мен компьютерлік техникамен қамтамасыз ету жұмыс тобы құрылып, ең алдымен әлеуметтік осал топ санатындағы отбасылар балаларын мектеп балансындағы компьютерлермен, ғаламтор желісіне қосылатын роутерлермен қамтамасыз ету шаралары жүргізілді.

Ата-аналардың өтініштері негізінде материалдық көмек көрсетуге мұқтаж әр оқушының құжаттары тексеріліп, отбасының тұрмыстық жағдайлары зерттелінді. Демеушілер іздестіру мақсатында жеке кәсіпорындарға, мекемелерге сұраным хаттар жіберілді

Ата-аналар мен мұғалімдердің қолдауымен әлеуметтік көмекті қажет ететін 2 отбасы балаларына оқу сөмкесі мен оқу құралдары табысталды. Мектеп түлектері мектебіміздің мүгедек тобындағы оқушыларға сыйлықтар тарту етсе, әлеуметтік көмекке ұсынылатын, осал топтағы оқушылардың өлшемдері мен қажетті киім түрлері анықталып, 46 оқушыға бюджет қаражатынан кепілдік берілген әлеуметтік топтама шеңберінде көмек түрлері (рюкзак, оқу құралдары, куртқа, спорттық киім) таратылды. Ағылшын тілі пәнінің мұғалімі Б.Ж.Жуманиязова мектептегі қамқорлықтағы 3 оқушыға жыл сайын өз көмегін ұсынады, биылғы оқу жылында да қамқоршылар күніне орай сыйлықтар тарту етті.


Келесі сөз мектеп қамқоршылық кеңесінің төрайымы Ш.Ж.Жонысоваға берілді. Мектеп директорының атқарған жұмысына өз алғысын білдіре отырып келесі мәселе кәмелетке толмағандар арасындағы құқықбұзушылық пен қылмыстың алдын-алу шаралары бойынша мектеп оқушыларының арасында құқықбұзушылық фактілерінің тіркелмегенін жеткізді. Кеңес мүшелері сөз сөйлеп, құқықбұзушылықтың алдын-алу мақсатында оқушылардың түнгі уақытта /22.00-ден кейін/ көшеде жүрмеуін қадағалап, ата-аналар қоритеті, қамқоршылық кеңесінің мүшелерімен бірлесіп рейд жұмыстарын жандандыруға шақырды. Жасөспірімдер арасында құқықбұзушылықтың мәселесі белең алуда екенін, кикілжіні, топ құрып қақтығысуы, бірін-бірі сыйламауы сияқты іс-әрекеттер өте қарқынды түрде дамып келе жатыр. Сондай жағдайлардың алдын алу үшін мектебіміздің оқушыларын ІІБ мамандарымен кәзіргі карантин жағдайына байланысты жиі онлайн кездесулер жасап,

әкелерді мектептің қоғамдық жұмыстарына, бала тәрбиесіндегі шараларға қатыстыру керектігін айтты.


Төмендегідей шешім қабылданды


1. №34 орта мектебінің директоры А.Ж.Айзакованың есебі қанағаттанарлық деп табылсын.
2. Құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында ПБ мамандарымен кездесулерді арттыру, Әкенің мектеппен бала тәрбиесіндегі жұмыстарын жандандыру.


Қамқоршылық кеңесінің төрайымы


 Жонысова Шәрбат Жаугаштиевна


Қамқоршылық кеңес мүшесі


 Сагинтаева Калия Сагинтаевна


 Ермагамбетова Гулбану Куандыковна

 Құдайберген Орал Болатович

 Курамысов Адиль Сагидуллаевич

 Мурсалова Акмарал Амангалиевна

 Балышов Ұбынғаббас Бақытович

 Бегімбетова Меруерт Жалгыскановна